"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
"ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
ПО ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент қ., Водопьянов көшесі, 14-ғимарат
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000
0000000
ОҚО бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г. Шымкент, ул. Водопьянова, 14-здания
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN

Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

09-15/2376
04.05.2018ж

«Дез-Стом» ЖШС-нің
директоры
К.Жамангараевқа

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(әрі қарай – Департамент)* тарапынан "Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесімен *(әрі қарай – Мекеме)* өткізілген №2370073-1 «Шымкент қаласы аумағында кеміргіштерге қарсы дератизациялық жұмыстарын жасау», ашық конкурсына Заңнамаларының талаптарына сәйкес келуіне камералдық бақылау жұмыстары жүргізілді. Сіздің, Департаментке 24.04.2018 жылы №ЗТ-Ж-805 тіркелген өтінішіңізде көрсетілген уәждеріңіз назарға алынды.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» *(ары қарай – Қағидалар)* Қағидалардың 154 тармағына сай Конкурстық комиссия әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын тауарлар, көрсетілетін қызметтер нарығындағы болған жұмыс тәжірибесінің әрбір жылы үшін нөл бүтін оннан бес (0,5 %) пайыз, бірақ бес пайыздан аспайтын шартты жеңілдік береді. Осы өлшемшарттың конкурсқа қатысуға өтінімнің шартты бағасына жиынтық пайыздық әсері бес пайыздан аспайды.

Сатып алынатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесінің болғаны үшін шартты бағаға пайыздық әсерді конкурстық құжаттамаға 6 және 7-қосымшаларға сәйкес жүзеге асырылады.

Қағиданың 6-қосымшасының ескертпесінің 1 тармағына сай егер осы конкурста қызметтерді көрсету тәжірибесінің болуы біліктілік талабы болып табылмаған жағдайда растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерінің болмауы тиісті шартты жеңілдікке әсер етеді. Сатып алынатын көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесін растаушы құжаттар **көрсетілген қызметтердің актілері мен шот-фактураларының** электрондық көшірмелері болып табылады. Бұл ретте, әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі бұрын орындалған жұмыстардың конкурс мәніне сәйкестігі шартында ғана есептеледі.

Сіздің конкурсқа өтінген біліктілік туралы мәліметіңізде көрсетілген жұмыс өтілдеріңіз және растайтын құжаттарыңыз бойынша **көрсетілген қызметтердің актілері мен шот-фактураларының** ұсынылмағаны анықталды.

Осыған орай, конкурстық комиссия тарапынан критерийлерге әсер ететін жұмыс өтілі бойынша шартты жеңілдік есептемегені Заңнама талаптарына қайшы келмейді. Бұдан басқа, осы конкурс бойынша Заң бұзушылықтар анықталып Департамент тарапынан ұйымдастырушыға Заңнама талаптарына сәйкестендіруге хабарлама жолданды.

Департамент жауабына келіспеген жағдайда Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтарындағы №221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңның 12 және 14 баптарына сәйкес жоғары тұрған органға немесе сотқа шағымдануға құқылы екендігіңізді назарыңызға саламыз.

Департамент басшысының орынбасары **К.Сапарбеков**

Орын: Е.Садуакасов
тел 35-00-35 (ішкі: 116, 117)